

Тексерілді:

«Қызғалдақ» бөбекжай-бақшасы

Әдіскері А.Т.Уразмуханбетова

А.Т.Уразмуханбетова

Бекітемін:

№1 педагогикалық кеңес шешімімен

«Қызғалдақ» бөбекжай-бақшасының
директоры М.Н. Утешева _____

«__» _____ 2021 жыл

«Аққоян» ортаңғы тобының «Әдептілік әлемі»
ұйымдастырылған вариативтік
оқу қызметінің жоспары

Тәрбиешілер: Өтеуова А.С.

Абдешева А.Б.

2021-2022 оқу жылы

"Әдептілік әлемі" (вариативтік жоспар)
 ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспарының тақырыптары	Мақсаттары	Сағат саны
Қыркүйек		1
«Балабақша ауласы»	Балабақша мекемесіне(бөлмелеріне) саяхат ұйымдастырып, ондағы жұмыс істейтін қызметкерлермен танысады. Балабақша ауласына бақылау жасап, өсіп тұрған өсімдіктердің аттарын атап, қамқорлық жасауға тәрбиеленеді.	1
«Достық неден басталады?»	«Дос», «достық» құндылығы туралы түсінеді. Достарға деген мейірімді қарым-қатынасқа үйренеді. Достаса білуге тәрбиеленеді.	1
«Біздің топтың ойыншықтары»	Қоршаған орта заттары, олардың сапалары мен қасиеттері туралы түсініктері кеңейеді. Бірнеше сенсорлық белгілеріне қарап заттарды топтастыра білуге, айналасындағы заттарды ажырата және ортақ қасиеттері бар ойыншықтарды топтастырып, оларды сипаттай білуге дағдыланады. Ойыншықтарды ұқыпты ұстауға үйренеді.	1
«Тіінге арналған жиһаз»	Жиһаздар туралы алған білімдері толығыады. Дидактикалық ойын ойнату арқылы зейіндері, логикалық ойлаулары дамиды.	1
Қазан		1
«Менің мейірімді отбасым»	Отбасы сүйіспеншілігі сыйластығы туралы түсінік қалыптасады. Отбасындағы үлкенге ізеттілік көрсетуге, кішіге қамқор болуға үйренеді.	1
«Мен тұратын көше»	Балалардың көше туралы түсініктері кеңейеді. Қоршаған ортаға, үйіне, туған өлкеге, қамқорлықпен қарауға және ұқыпты, әдепті болуға жетелейді.	1
«Көшедегі қауіпсіздік»	Жолда жүру ережесін біледі. Көшедегі қауіпсіздік ережелерін сақтай алады.	1
«Күзгі жапырақ»	Күз мезгіліндегі табиғат құбылыстарын (жапырақтардың түсуін) бақылайды. Табиғат құбылыстарына танымдық қызығушылықтары оянады. Үлкендерге көмектесуге деген ынталары, табиғатқа деген қамқор көзқарас пайда болады.	1
Қараша		1
«Жақсы мен жаман»	Жақсылық, мейірімділік құндылықтар туралы білімдері тереңдейді, бір-біріне жақсылық ойлауды, жақсы тілектер айтуды үйренеді.	1
«Денсаулығым - байлығым»	Денсаулық туралы білімдері кеңейеді. Әркімнің өз денсаулығына өзі жауапкершілікпен қарауы туралы ұғынады.	1
«Қуыршақ Әйгерімге көмектесеміз»	Балаларда қоршаған орта туралы, достық қарым-қатынас туралы ұғымдары қалыптасады. Туған-туыстарына, достарына көмек қолын созуды үйренеді.	1
«Мен еңбекқор баламын»	Балаларға еңбексүйгіштік туралы түсінік беріледі. Еңбек ету дағдылары дамиды. Еңбексүйгіштікке тәрбиеленеді.	1
Желтоқсан		1
«Менің Отаным – Қазақстан!»	Балалар Отансүйгіштік, Отанына, халқына адал қызмет етуді, еліміздің рәміздерін қастерлеуді, Тәуелсіздіктің 30 – жылдығы туралы әңгімелейді.	1
«Туған өлкемнің табиғаты»	туған өлке туралы білімдерін кеңейту. балаларға туған өлке туралы терең білуге үйрету, оның ерекшеліктері мен табиғаты туралы білімдерін арттыру. сөйлеуін, тіл байлығын, шығармашылық қабілеттерін дамыту. туған өлкеге деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Туған жерінің табиғатына қамқор болуға тәрбиелесу.	1
«Тәуелсіз елім бар»	Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуы туралы түсініктері кеңеді. Отанымыздың байлығы туралы, жеріміздің үлкендігі туралы	1

	түсініктерін қалыптастыру арқылы есте сақтау қабілеттері дамиды. Балалардың Отанына, туған жеріне деген сүйіспеншіліктері артады.	
«Жаңа жыл төрімізде»	Жаңа жылды тойлау дәстүрімен танысады. Шырша ойыншықтарымен шыршаны безендіре білу дағдылары қалыптасады. Дәстүрлі мерекелерді атап өтуді үйренеді.	1
Қаңтар		1
«Топтағы өсімдіктер»	Балалар топтағы бөлме өсімдігімен танысып, олардың сыртқы пішініне сипаттама беріп, жапырақтары туралы мағлұмат алады. Балалар табиғат бұрышындағы өсімдіктердің атын атап, салыстыру арқылы білімдері кеңейеді. Бөлме өсімдіктерін күтіп баптауға, жұмысты біртіндеп орындауға дағдыланады, әдемілікке, сұлулыққа деген сезімін оянады.	
«Үй жануарлары»	Жануарлардың бейнелердің дауысын танып, ажырата білу, қимыл-қозғалысын бейнелей білу қабілеттері дамиды. Төрт түлікке деген қызығушылық, сүйіспеншілік, қамқоршылыққа тәрбиеленеді.	1
«Қыстайтын құстар»	Балалардың қыстайтын құстар туралы түсініктері кеңейеді, құстарға қамқор болуға үйренеді, табиғатты сүйуге, аялай білуге тәрбиеленеді.	1
«Қыс қызығы»	Балаларға қыс туралы түсінік беріліп, қыс мезгілінің табиғат ерекшеліктерімен танысады және ажырата білуге үйренеді. Сөздік қорын байытумен бірге есте сақтау қабілеттері қалыптасады, көргендері мен байқағандарын дұрыс баяндауға, сұраққа нақты жауап беріп, сурет мазмұнына сай әңгіме құрап айтуға үйренеді. Ойлау, көру қабілеттері дамиды. Көз алдарына елестетуге, табиғатты аялап әдемілікті сезіне білуге тәрбиеленеді.	1
Ақпан		1
«Қар қиыршықтары»	Қар қиыршықтары мен қардың суға айналуы, тағы басқа қасиеттері туралы түсінеді. Қыс мезгілінің ерекшеліктерін ажырата біледі. Ойлау, тыңдау, қабілеттерін дамытып, табиғатқа деген қызығушылықтары артады.	
«Көлік түрлері»	Көліктер туралы ұғым қалыптастырып, өздеріне таныс көлік түрлерін салыстырып, ажыратып, айтып беруге үйренеді.	1
«Тұрмыстық техника»	Қауіпсіздік ережелерін сақтауға, жинақылыққа тәрбиеленеді. Тұрмыстық техника, оның қолданылуы туралы білімдері жетіледі. Электротехникалық тұрмыстық заттармен /тоңазытқыш, теледидар, қысқатолқынды пеш, шаңсорғыш, компьютермен/ танысады. Адам өмірі мен еңбегін жеңілдету үшін тұрмыстық техниканың маңызын түсіну дағдылары дамиды.	1
«Кім боламын?»	Дәрігер, тәрбиеші, мұғалім, құрылысшы, аспаз, шаштараз т.б. мамандықтар туралы түсініктері кеңейеді. Мамандықтар туралы түсіне отырып, білімге, білуге құлшыныстары оянады. Бір –бірін тыңдап, құрметтеуге, ұқыптылыққа, ізеттілікке үйренеді. Ой ұшқырлығы мен қиялдары дамиды.	1
Наурыз		1
«Көктем келбеті»	Көктем мезгіліндегі табиғи құбылыстарды, өсімдіктер мен жануарлардағы өзгерістерді бақылап ажырата білуге үйренеді, үлкендердің еңбегін бақылау арқылы еңбексүйгіштікке, табиғатты қорғауға, қамқорлық жасауға тәрбиеленеді.	
«Ертегілер еліне саяхат»	Балалардың қоршаған орта туралы білімдері кеңейіп, байланыстыра сөйлеу дағдылары қалыптасады.	1
«Наурыз тойы»	Балаларды ұлттық Наурыз мерекесімен, қазақ халқының салт-дәстүрімен танысады. Халқымыздың салт-дәстүрлерін әңгімелеп беру арқылы есте сақтау қабілеттері дамиды. Мейірімді, қонақжай болуға баулиды.	1
«Менің елімнің салт-дәстүрлері»	Туған елдің салт-дәстүрлерімен танысады. Бесік жыры, тұсау кесу,	1

«Дәстүрлері»	бесікке бөлеу дәстүрлері туралы түсінік береді. Салт-дәстүрлерге қызығушылықтары оянады. Еліміздің салт-дәстүрі туралы білімдерін дамытады. Туған халқының дәстүрлеріне деген мақтаныш сезімдерін тудырады. Елінің салт-дәстүрін құрметтеуге тәрбиелейді.	
Сәуір		
«Бәйшешек»	Көктемгі табиғат ерекшелігімен өзгерістері туралы білімдері кеңейеді. Көктемнің алғашқы гүлі, яғни бәйшешек туралы көптеген мағлұматтар айтады.	1
«Нан болса, ән де болады»	«Ас-атасы нан» – деген мақалдың мағынасын түсіндіреді. Нанның адам еңбегімен келетінін, оған көп күш жұмсалатынын түсіндіреді.	1
«Еңбексүйгіш жәндіктер»	Жәндіктер әлемімен таныстырады. Ара, құмырсқа, өзіндік ерекшеліктерімен таныстырады. Жәндіктерге деген қамқорлық сезімдерін тәрбиелейді.	1
«Еңбектің наны тәтті»	Балаларға еңбектің адам өміріндегі мәні туралы түсінік беріледі. Еңбек етуге деген қызығушылықтарын, ой-қиялын, тілдерін дамытады.	1
Мамыр		1
«Береке бастауы - бірлік»	Балаларға 1-мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні мерекесі екенін жеткізеді. Ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүюге, қорғауға, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелейді.	1
«Отан қорғаған ерлер»	Баланың қазақ әскері, біздің Отанымыздың сенімді қорғаушылары туралы білімдерін бекітеді.	1
«Бұлт артынан күн шықты»	Әр жыл мезгіліне тең табиғат ерекшеліктерімен танысады. Табиғат құбылыстарының адамның физикалық және эмоциялық күйіне әсері туралы білімдері дамиды.	1
«Мен жасай аламын»	Балалар үлкендерге көмектесіп, қолғабыс болуды үйренеді. Айналадағы адамдарға ізеттілікпен, кішіпейілділікпен қарауды үйренеді.	1
Барлық сағат саны:		36